

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

Бекмагамбетова Сапаркуль Нурымовна,
бастауыш сынып мұғалімі,
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №11 жалпы білім беретін мектебі» КММ,
Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: Мақалада Ыбырай Алтынсариннің қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлесінің бүгінгі таңда бүлдіршіндерді тәрбиелеудегі өміршеңдігін қарастырдық. Ыбырай өз шығармаларында қазақ балаларына жаны ашып, олардың көзі ашық, көкірегі ояу, тәрбиелі, адамгершілігі мол болып қалыптасуларына тынбай еңбек етсе ғана жететіндіктерін дәріптеген. Бүлдіршіндерді білімге, ғылымға, адамгершілікке, өнегелікке, үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуге өз әңгімелерінде, өлеңдерінде тілге тиек еткендігін аңғардық.

Түйінді сөздер: ұлы жазушы, балалар әдебиеті, жас өспірім, тәрбие, білім, еңбек.

Аннотация

Актуальность: В этой статье мы рассмотрели Ыбырай Алтынсарина в развитие детской литературы, которое в нынешнее время имеет особую роль в воспитании жизнеспособности детей. Ыбырай в своих работах сочувствовал детям казахского народа, он хотел, чтобы они были образованными, воспитанными, человечными и чтобы достичь это он возносил важность упорного труда. Можно заметить что основа его песен, рассказов является призывание детей к знанию, науке, человечности, быть образцовым, уважать других людей.

Ключевые слова: великий писатель, детская литература, молодежь, воспитание, образование, труд.

Abstract

Relevance: In the article, we considered the viability of Ybyrai Altynsarin's contribution to Kazakh children's literature in the education of children today. In his works, Ybyrai expressed his soul to the Kazakh children, emphasizing that they can only achieve success if they work tirelessly to become bright-eyed, cheerful, educated, and humane. In their stories and poems, children were told about knowledge, science, morality, morality, respect for the older generation, respect for the younger generation.

Keywords: great writer, children's literature, youth, training, education, labor.

Қазақ елі Ыбырай Алтынсаринді қазақ педагогикасының негізін салушы, проза жазушысы және ақын деп қана білмей, қазақ балалар әдебиетінің атасы, негізін қалаушы деп те таниды. Ұлы педагог – қазақ балаларын, жалпы қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған ұстаз. Алтынсарин ұлттың бала тәрбиесінде өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынған. 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол: «Қазақтарға – осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де аса қажет болып отыр!», – деп жазды. Бұл жолға жету үшін атамыз көп қиыншылықтар да кездестірді «Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек» деп санады.

Ыбырай балалар әдебиетіне арнап, жас өспірімдерді тәрбиелеу жолында көп шығармалар жазды. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қойды. Ол өз сөзінде: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» – дейді [4, б.225-230]. Оған мынандай шығармаларды дәлел бола алады.

Ыбырайдың балаларға арналған хрестоматиясындағы өзі жазған әр алуан қысқа сюжетті әңгімелерінде өмірдің сан түрлі қырларын ашуды мақсат етеді. Автор қазақ балаларының табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан дүниесіне әсер ету

арқылы еңбексүйгіш, адмгершілігі мол, зейінді де зерделі, адал да әдепті, білімді азамат болып жетілуін көздеді.

Қазақ халқының дарынды перзенті әңгімелерінде түр мен мазмұнның өзара бірлігіне де ерекше мән бергенін аңғарамыз. Ол соған сәйкес оқиға мазмұнының орамдылығы мен нақтылығын, ойға қонымдылығы мен логикалық дәлдігін сақтай отырып, тілінің қарапайым да көркем, айшықты болуына зер салады. Бұған қоса сол әңгіменің негізгі түйінін бірден ашпай, ойландыратын, толғандыратындай етіп жұмбақтап айту тәсілін ұстанады, сөздерінің (диалог) жиі қолданылуы да көп септігін тигізген. Бұған бастан-аяқ сұрақ-жауап түрінде берілген «Шеше мен бала» атты әңгіме айқын дәлел. Тентек баланың қолындағы құсты құтқару үшін қолындағы барлық ақшасын жұмсаған баланы шешесі ұрыспай, қайта қайырымдылығы үшін оған алғыс айтады. Жазушы осындай кішігірім оқиғаны тартымды етіп берумен қатар, оған лайықты үлкен міндет арта білген. [2, б.129-136]

Үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған:

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балаға осындай өлеңдерді оқып берсе, ана қадірінің теңдесі жоқ қымбат та қадірлі екенін сонда ғана сезіне бастар еді. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сияқты ана еңбегін қадірлемеу, сыйламау, кейде тыңдамау болмас та еді. Балаға бірінші берілетін тәрбие әрқашан ата-анасын, өзінің жақын достарын сыйлауды үйретуден басталуға тиісті. Ата-анасын сыйламайтын бала жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет істей алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайлы қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ. Сондықтан ана қадірін түсіне білу керек дейтін жалпы халықтық қағиданы әрқашан баланың зердесіне салып отыру – әрбір тәрбиешінің борышты міндеті дегенді Ыбырай Алтынсарин көп ескерткен. Ал «Ананың сүюі» деген өлеңі бала жанын тебірентерліктей бұдан да күшті, бұдан да әсерлірек жазылған. Жер, қолөнер кәсіптерімен айналысудың пайдалы жақтарын айтты. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған қай шығармасын алсақ та, одан да жас өспірімдерге үлгі-өнеге берерлік, болашығына жол сілтерлік, оларға өмір таныталық және іс-әрекетке үйретелік мол дүниенің есігі ашылғандай болды. Ыбырай шығармашылығының тағы да көтеретін күрделі мәселесі – үздіксіз еңбек үрдісі. «Дүние қалай етсең табылады», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Таза бұлақ» деген әңгімелері еңбектесең ғана ойлаған мақсатына жетесің деген ойды жан-жақты дәлелдейді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде атасы он жасар баласын жетектеп келе жатып, ұшқан құс, жүгірген аңдар тіршілігімен таныстырады, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ екенін айтады. Бәрі де тіршілік тірегі – өмір қамын жасауда. «Сәтемір хан» әңгімесінде жеті жасында жетім қалған Сәтемір деген бала ақсақ шегірткенің үйдің төбесіне шығу үшін қаншама әрекет жасағанын көріп, өзінің жұмыссыз босқа ойнап жүргенін ақылсыз деп табады. Артынша қалаға келіп, біреудің қолында жалшылық ете жүріп оқиды. Ақырында ірі оқымысты болып шыға келеді. Адамның барлық қабілетімен іскерлігі, таланты мен талабы тек еңбек арқылы ғана көрінетінін айтады. Ыбырай әңгімелерінің қайсысын алсаңыз да оқушысын нақты сендіретін, соған қызықтыратын шынайы көрнекілік бар. Еңбек процесі тақырыбына жазылған Ыбырай әңгімелері бірінен – бірі аса отырып, бірін-бірі қайталамайды, әр қайсысының өзіндік қызықты, тәрбиелік күшті жақтары бар. Мұны оқыған бала әрқашан пайдалы, өнегелі істерге үйренді, өнегесіз істерден жирене түседі. Әрқашан ата-анаға болысу борышты міндет деген қорытындыға келеді. Ыбырай Алтынсарин еңбек еткен адамдарды өмір тәжірибесі мол, қандай да жұмыс болса икемі бар, өздері кішіпейіл, мейірімді және ешқандай арамдық жоқ, зұлымдық істерді білмейтін, қалың бұқараның жайдары өкілі етіп көрсетеді. Ақыл да, терең ой да, оның әр нәрсеге икемділігі де, қиын-қыстау кезінде жол тапқырлығы да еңбектену арқылы жинақталған өмір тәжірибесінің жемісі екенін білдіреді.

Бұған қарама-қарсы еңбекті сүймейтін, ел үстінен күн көретін тоғышарларды, үстем тап өкілдердің күйректігін көрсетеді. «Бай мен жарлы баласы» әңгімесінде жастайынан шаруаға араласқан, еңбек еткен, жас болса да өмір тәжірибесін көп көрген кедей баласы Үсен көбіне тәжірибеге сүйеніп, ақыл-парасатқа салып, көшкен елдің жаңа қонысын тауып алады. Бұл әңгімеде де екі нәрсені бір-біріне қарама-қарсы қойып, салыстыра суреттеу тәсілі бар. Балалар мен жас өспірімдерді өнер-білімге шақыру, отырықшылық тұрмыстың, жер кәсібімен айналысудың пайдалы жақтарын түсіндіру, оларға еңбек студия артықшылығын ұғындырумен қатар, Ыбырай шығармашылығының көтеретін тағы бір мәселесі – ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үйрету. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы іске асатынын ұлы педагог дұрыс түсінген, дұрыс шешкен.

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің дарынды перзенті әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен. Ұлы ағартушымыз артына қалдырған асыл мұрасы сан мыңдаған ғасырлар өтсе де, өз маңызын жойған емес. Жас өспірімдерді өскелең мәдениетке жетелейтіндей өмір оқулығы, отаны үшін алысқан күрес құралы болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1979. – 110 б.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2-кітап. – Павлодар: Арман, 2004.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы, «Ана тілі», 1992. – 448 бет.

ИССЛЕДОВАНИЕ БИОГРАФИИ И ТВОРЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ШКОЛЬНОГО ПРОЕКТА «READ X»

Бертазина Куляй Мухаметвалеевна,
заместитель директора по воспитательной работе,
Абсолямова Гульнара Владимировна,
учитель русского языка и литературы,
КГУ «Школа-лицей №1 отдела образования акимата города Костанай»

Аннотация

Өзектілігі: «Рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяны мен шығармашылық мұрасын зерттеу. Ұлы қазақ ағартушысы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ақын және прозашы, публицист, ғалым-этнограф, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің сан қырлы мұрасына үндеу бұрынғыдан да өзекті.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын зерттеу; ақынның, ағартушының, педагогтың өмірлік ұстанымын анықтау.

Түйінді сөздер: жоба, мұра, педагог, публицист, жазушы.

Аннотация

Актуальность: исследование биографии и творческого наследия Ыбырая Алтынсарина в рамках национального проекта «Рухани Жанғыру». Обращение к многогранному наследию великого казахского просветителя, основоположника казахской письменной литературы, поэта и прозаика, публициста, ученого-этнографа, общественного деятеля Ибрая Алтынсарина как никогда актуально.